



Бектеміс:

Мектеп директоры:

М. Норамеса

Шайх

«» қыркүйек 2018ж

«Келісілді»

Оқу ісінің менгерушісі:

Рахметуллина

«» қыркүйек 2018ж

«Қаралды»

Бірлстік жетекшісі:

Сагинова

«» тамыз 2018ж

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ УЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша ортағы тобының перспективалық жоспары**

«Бекітім»

Мектеп директоры:

М.Ибрашева

Мектепке дейінгі шағын орталықтағы ортаңғы топтың ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі 2018-2019 оқу жылы

I-III атпа

| Білім беру саласы | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма | Конырау сағаты |
|----------------------------|--------------------|-----------------|----------------|----------|----------------|----------------|
| Денсаулық | | Дене шынықтыру | Дене шынықтыру | | Дене шынықтыру | 9.00-9.20 |
| «Катынас» | Көркем әдебиет | Сейлеуді дамыту | | Музыка | | 9.25-9.45 |
| «Таным» | | | Құрастыру | ҚМҰҚ | Жаратылыстану | 10.00-10.20 |
| «Шығармашылық» | Музыка | Сурет салу | | | Мұсіндеу | 10.25-10.45 |
| «Әлеумет» | | | | | | |
| Вариативтік компонент 2сар | Ойнайық та ойлайық | | | Ағылшын | | |

II-IV атпа

| Білім беру саласы | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма | Конырау сағаты |
|----------------------------|--------------------|-----------------|----------------------------|----------|----------------|----------------|
| Денсаулық | | Дене шынықтыру | Дене шынықтыру | | Дене шынықтыру | 9.00-9.20 |
| «Коммуникация» | Драма | Сейлеуді дамыту | | | | 9.25-9.45 |
| «Таным» | | | | ҚМҰҚ | Жаратылыстану | 10.00-10.20 |
| «Шығармашылық» | Орыс тілі | Сурет салу | | Музыка | Аппликация | 10.25-10.45 |
| «Әлеумет» | | | Қоршаган ортамен таныстыру | | | |
| Вариативтік компонент 2сар | Ойнайық та ойлайық | | | Ағылшын | | |

**Қыркүйек айы 2018 жыл
Отпелі тақырып « Балабақшада»**

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, естетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қымыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қымылдарды дұрыс орындау, негізгі қымыл түрлерін және деңсаулықты сактау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызметтерін мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, естетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музикалық білімдерін кеңейту;
5. Отансуыгіштік сезімдерін күшету және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| Такырыппа | Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Драма-0,5 Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұйымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет-1 Мұсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған орта-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|--|---|--|--|---|--|
| I апта «Менің балабақшам» | <p>Дене шынықтыру Негізгі қымылдар: 1. Сапта бір-бірлеп журу, жүруді жүгірумен кезектестіру. Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Тақтай бойымен тептедікті сақтап журу. 2. Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүгірумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). Заттар арасымен доптарды домалату.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту 1. Тақырыбы: «Балабақша үйіміз». (сурет бойынша әңгімелу) Мақсаты: Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Балабақша туралы түсінік беру, достарына қамқор болуға тәрбиелеу 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: Ф. Онғарсынованың «Үй жақсы ма, бақша жақсы ма?» өлеңі. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, зейінін, тілін дамыту.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұйымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Біздің бақшада» Мақсаты: Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Балабақша гимараты» (құрылым материалдарынан</p> | <p>Сурет Тақырыбы: «Балабақшадағы түрлі түсті шарлар» (заттың сурет салу) Мақсаты: Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажыраты білуге үйрету. Бояу тәсілін bekіту. Баланың ойлау, көру, есту қабілеттерін және ұсақ қол қымылдарын дамыту.</p> <p>Мұсіндеу Тақырыбы: «Балабақшадағы әр түрлі доптар» Мақсаты: Түрлі тәсілдерді қолдана</p> | |

3. Еденге қолымен
сүйеніп, шығыршық
ішінен өту. Тактай
бойымен тепе-тәндікті
сактап жұру.
8м дейінгі қашықтықта
заттар арасымен тұра
бағыт бойынша
төртагандап еңбектеу.

құрастыру)
Мақсаты: «іргетас»
ұғымымен таныстырып,
балабақша гимаратын
құрастыруға үйрету;
енбексүйгіштікке
тәрбиелеу; үлкен құрылым
материалынан екі қабатты
гимарат құрастыруға
дағдыландыру.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Балабақша
ауласына саяхат»
Мақсаты: Балабақша
ауласындағы және
маңайындағы
өсімдіктерді, ағаштар мен
бұталарды атауға үйрету.

отырып, таныс заттарды
өзіне тән ерекшеліктерін
ескере отырып
мұсіндеуге
үйрету. Газалыққа,
ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| | | | | | |
|---|--|---|--|--|--|
| <p>II апта «Менің достарым»</p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Сапта бір-бірлеп журу, кол мен аяқ кімбылын үйлестіру, бой тұзулігін дұрыс сактау. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтықта), тепе-тәндікті сақтап жүру.</p> <p>2. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. 2-3м қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Тақтай үстімен(8м) көлденен енбектеу</p> <p>3. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтықта), тепе-тәндікті сақтап жүру.Допты бір-біріне төменнен лактыру және қағып алу(1,5м қашықтықтан).</p> | <p>Сейлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Ертегі желісін айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Бауырмалдықка, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Драма</p> <p>Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Ертегінің сюжеті бойынша драмалауды, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды үйрету, дұстық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</p> <p>Тақырыбы: «Достарымның ойыншықтары»</p> <p>Мақсаты: Заттарды салыстырып кою арқылы оларды санамай-ақ жүптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Менің жасыл достарым»</p> <p>Мақсаты: Бөлме есімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйрету. Балалар ұжымында дұстық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p> | <p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Досымның үйі» (заттық сурет салу)</p> <p>Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тұра сызықтар мен олардың киылсысуын жүргізе білуді үйрету. Улгі бойынша пішінін ескере отырып сурет салуды үйрету.</p> <p>Аппликация</p> <p>Тақырыбы: «Досымның үйі »</p> <p>Мақсаты: Қайшына дұрыс ұстau және пайдалана білуді қалыптастыру.</p> <p>Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сұлғіні қолдануды үйретуді жалғастыру.</p> | <p>Коршаған орта</p> <p>Тақырыбы: «Ойыншықтар»</p> <p>Мақсаты: Бала-лардың мінез күлкynда карапайым әдеп ережелерін(оыйниш ықтармен бөлісү) бекіту. Ойын барысында оыйншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу.</p> |
|---|--|---|--|--|--|

| | | | | |
|---|--|--|---|--|
| <p>III апта «Менің сүйікті ойыншықтарым»</p> | <p>Дене шынықтыру Негізгі құмылдар: 1.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір орында онға, солға секіру. Допты екі қолмен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру(2м.қаш.). 2. Бір орында онға, солға секіру. Арқан үстімен тепе-тендікті сақтап жүру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.(2-3рет) 3. Бір орында онға, солға секіру. Допты екі қолмен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру(2м.қаш.). Гимнастикалық скамейка үстімен көлдененінен еңбектеу.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бақшадағы ойыншықтар» Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Балалардың сөздік корын ойыншықтардың атауларымен байыту. Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар» өлеңі. Н. Элімқұлов. Мақсаты: Өлеңді эмоционалды қабылдай білуді дамыту, түсініп, есте сақтауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Сөредегі ойыншықтар» Мақсаты: Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ойыншықтар еліне саяхат» Мақсаты: Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұматын көңейтіп, қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Досымның үйі» Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырып құрастыруға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуін қалыптастыру.</p> | <p>Сурет Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» (заттық сурет салу) Мақсаты: Домалақ пішінен доптыңың суретін салып, ирек сыйықпен әшекейлеуді үйрету, шыдамдылыққа сыйласымды, қарым – қатынасқа тәрбиелеу, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс – тәсілдерін мәнгерту. Мұсіндеу Тақырыбы: «Қоян-менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Ермексазды домалату, шымшу, жалпайтту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мұсіндеуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> |
|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| <p>IVапта «Жиһаздар»</p> | <p>Дене шынықтыру Негізгі қымылдар: 1.Кіші және үлкен қадаммен, сапта бір-бірлеп жүтіру.Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелу. Тақтай үстімен тепе-тендікті сақтап журу. 2. Гимнастикалық қабырғаға жоғар-төмен кезектескен қадаммен өрмелу. Алысқа дәлдеп лактыру(3,5-6,5м.кем емес). Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-тендікті сақтап журу. 3. Гимнастикалық қабырғаға жоғар-төмен кезектескен қадаммен өрмелу. Тақтай үстімен тепе-тендікті сақтап журу.Баланың қолын көтергендерді биіктен жоғары ілінген нәрсені орнынан секіру арқылы затты жинап ету.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Уй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу) Мақсаты: Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қолана білуге үйрету.</p> <p>Драма</p> <p>Тақырыбы: «Уш аю» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Мәтінді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу артикуляциялық дағдыларын қалыптастыру</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Үйді жабдықтау Мақсаты: Сандарды тәртібі бойынша атауга және қорытынды санды атауга, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жиһаз фабрикасына саяхат» Мақсаты: Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту.</p> | <p>Сурет Тақырыбы: «Уй жиһаздары» (Сандық) (Сәндік сурет салу) Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстырып, сандықты қазақ қоюларының кейір элементтерімен әшекейлеуге үйрету.</p> <p>Аппликация</p> <p>Тақырыбы: «Сандықты әшекейлеу»</p> <p>Мақсаты:Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жеке беліктерді жapsыруды үйрету.</p> | <p>Экология негіздері Тақырыбы: «Топ жиһаздары» Мақсаты: Топ бөлмелеріндегі жиһаздарды дұрыс атауды үйрету, оларға үқыптылықпен қарауға тәрбиелу.</p> |
|--|--|--|--|--|---|

Қазан айы, 2018жыл

Отпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Денаулық сақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дene шынықтыру жаттыгуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаган органдық сезімдерінде отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| Тақырыппша | Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Драма-0,5 Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет-1 Мұсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаган орта-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|---|--|--|--|---|--|
| I апта «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» | Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Тұрлі бағытта жүгіру.1,5м қашықтықтан тігінен (нысанда ортасының биіктігі 1,5м) нысанана дәлдеп лақтыру. Бір орында тұрыш, екі аяқпен секіру(2-3рет журумен кезектестіре отырыш,10 рет секіру). 2. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысанда ортасының биіктігі 1,5м) нысанана дәлдеп лақтыру. | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» (сурет бойынша әнгіме) Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтудағы дағдыларын бекіту. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. Отбасы, отбасындағы тұрмыс туралы айтып беруге үрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйласап, құрметтеуге үрету. Олардың қасиеттерін көруге, әрекеттерін бағалауға тәрбиелеу. | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Отбасындағы менің бір күнім» (Сан мен санау) Мақсаты: Тендік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстыратын топтар: бір көп, бір және екі,екі және үш және төрт, төрт және бес. Құрастыру Тақырыбы: «Асхана» (қалдық материалдармен жұмыс) Мақсаты: Балаларды табиғи материалдардан | Сурет Тақырыбы: «Тостағанды әшекейлеу» (заттық сурет салу) Мақсаты: Сопақша пішіннен тостағанның суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді және таныс элементтерді (нұкте, дөңгелек, жолақшаларды) Құрастыруды үрету. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Эстетикалық сезімдерін, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту. Мұсіндеу Тақырыбы: | |

| | | | | |
|--|----------|--|---|--|
| <p>Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). Заттар арасымен доптарды домалату.</p> <p>3. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысанға ортасының биіктігі 1,5м) нысанға дәлдеп лақтыру. Тактай бойымен тепе-тендікті сақтап журу.</p> <p>8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тұра бағыт бойынша төртагандап еңбектеу.</p> | <p>.</p> | <p>тұрлі заттар даярлауга баулу. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Такырыбы: «Мол өнім»</p> <p>Мақсаты: Кекөністер мен жемістердің 4-5 түрін атауға үйрету.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> | <p>«Бақшадағы өнімді жинау» (сәбізді жинау)</p> <p>Мақсаты: домалактау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету.</p> <p>Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> | |
|--|----------|--|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| II апта «Менің көшем» | <p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Тұрлі тапсырмалармен жүгіру;шашаң және баяу қарқынмен., жетекшімен ауыса отырып жүгіру. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап жүру, секіріп, кос аяқпен тұру. 2. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап жүру, секіріп, кос аяқпен тұру. Тақтай үстімен(8м) көлденең еңбектеу. 3. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап жүру, секіріп, кос аяқпен тұру. Доға астынан еңбектеп ету(биіктігі50см) | <p>Сейлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз тұратын көше»</p> <p>Мақсаты: Байланыстырып сейлеу дағдыларын үйрету. Әңгімені айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Драма</p> <p>Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалуа, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</p> <p>Тақырыбы: Қала картасы (Геометриялық пішіндер)</p> <p>Мақсаты: Тенді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты альп тастай отырып,екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Көшеде өзін ұстау тәртібі»</p> <p>Мақсаты: Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: «Менің көшем» (Сюжетті сурет салу)</p> <p>Мақсаты: Сюжеттік сурет салуды (агаштар мен бұталарды) және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету.</p> <p>Жақсы нәтижеге үмтүлуға тәрбиелеу.</p> <p>Бейнелік сезіну қабілеттерін дамыту.</p> <p>Аппликация</p> <p>Тақырыбы: «Менің көшем»</p> <p>Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеру.</p> | <p>Коршаған ортамен тәнисстырыу</p> <p>Тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сактайык»</p> <p>Мақсаты: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жер асты ету), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру</p> |
|--|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|---|--|---|--|---|
| <p>III апта</p> <p>«Үйдегі және кешедегі қауіпсіздік»</p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>1.1-1,5минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру.</p> <p>Көлбеку тақтаймен(ені2см,біи ктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру.</p> <p>Қашықты нысанага көздел лақтыру (3м қаш.).</p> <p>2. Көлбеку тақтаймен(ені2см,біи ктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру.</p> <p>Кегельдердің арасымен еңбектеп жүру.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға кез келген тәсілмен өрмелуе.</p> <p>3. Көлбеку тақтаймен(ені2см,біи ктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру.</p> <p>Қашықты нысанага көздел лақтыру (3м қаш.).</p> <p>Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүру.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Әйгерім дастанханды әзірлеп жатыр»</p> <p>Мақсаты: Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай.</p> <p>Мақсаты: Өлөнді түсініп, есте сактауға жүйелілігін сактауға үйрету.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</p> <p>Тақырыбы: «Санырауқұлактарды жинау»</p> <p>Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері»</p> <p>Мақсаты: Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. Балаларға әр – түрлі жағдайдан шығу жолдарын таба білуге ықпал жасау. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Табиғатты аялауға, көрғауға, табиғат әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Біздің көше</p> <p>Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыру.</p> | <p>Сурет</p> <p>Тақырыбы: «Бағдаршам» (Заттық сурет салу)</p> <p>Мақсаты: Дөнгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру. Баланың ойлау, көру, қабілеттерін және ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p>Мұсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: Қамыр кесектерінен мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Пропорцияларын сактап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мұсіндеуді үйрету.</p> |
|---|--|---|--|---|

| | | | | | |
|-----------------------|--|--|--|--|---|
| IVапта «Алтын күз» | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қымылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50метрге жүгіру. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру.Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу. 2. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. 5-бм.қаш.доғаның астынан еңбектеп ету.Гимнастикалық орындық үстінде кедергілерден аттап жүру. 3. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу.Күм салған қапшықты он және сол қолмен алысқа лақтыру. | <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Жыл мезгілі. Күзді табиғат» (сурет бойынша әңгімелуе).</p> <p>Мақсаты: сурет мазмұнына сәйкес әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үрету. Байланыстырып сөйлеудағыларын жетілдіру.</p> <p>Драма</p> <p>Тақырыбы: «Қияр мен капуста» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауга, барлық дыбыстарды анық және әртүрлі карқында дыбыстауга жаттықтыру.</p> | <p>Қарапайым</p> <p>математикалық ұфымдарды қалыптастыру</p> <p>Тақырыбы: «Бақтағы жемістер мен көкөністер» (Геометриялық пішіндер)</p> <p>Мақсаты: 1 санымен таныстыру. Сандық топты белгілеу. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Алтын күз келді!»</p> <p>Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үрету.</p> | <p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» (Сюжетті сурет салу)</p> <p>Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстауды, қағаздың үстінен жүргізуі үрету. Қоршаған ортаның әсемдігін, эстетикалық талғам дағыларын қалыптастыру.</p> <p>Аппликация</p> <p>Тақырыбы: Күзгі жапырақтар» (Сюжетті аппликация)</p> <p>Мақсаты: Заттарды қағаз бетінен орналастыру дағыларын қалыптастыру.</p> <p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескерту.</p> | <p>Экология негіздері</p> <p>Тақырыбы: «Күзді табиғат құбылыстары»</p> <p>Мақсаты: Балалардың табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін көнегіту. Күзгі табиғаттағы өзгерістерін бақылау дағыларын дамыту.</p> |
|-----------------------|--|--|--|--|---|

Қараша айы, 2018жыл

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Денсаулық сактау технологиялары негізінде балалардың спортпен шүгілдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, киялдау сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

- Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
- Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
- Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
- Балаларды қурдастарымен сипайы қарым-қатынас жасауга тәрбиелеу.

| Тақырыппа | Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Драма-0,5 Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет-1 Мұсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5 Коршаган орта-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|-------------------------|---|--|--|--|--|
| I апта "Өзім туралы" | Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. Сапка түру, күрьыштың өзгерілі, қайта түру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың ара қаш-ғы 40-50 см). Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанана (2-2,5 м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. 2. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың ара қаш-ғы 40-50 см). Бөрене үстімен | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен қандаймын?» Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру, айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мен кіммін?» Мақсаты: Оқығаларды ойдан құрастырып, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Балалардың зейінін, бақылағыштығын, киялын дамыту. | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Менің құн тәртібім» (Уақытты бағдарлау) Мақсаты: 2 санымен таныстыру. Таңертен, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Менің қорам» (Құрылыш материалдарынан) Мақсаты: Үлгі бойынша әртүрлі текшелермен қора құрастыруды үйрету. | Сурет Тақырыбы: «Макта күздің мысығы» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, жануарларды бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Мұсіндеу Тақырыбы: «Билеп тұрған қызы» Мақсаты: Адам пішінін (дene бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мұсіндейді. Кескішпен түрлі безендірuler жасайды. | |

| | | | |
|---|---|--|--|
| <p>тепе-тендікті сақтап жүру. Табан мен алаканға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.</p> <p>3. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Он және сол көлмен көлдененінен нысанага (2-2,5м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. Басқа қап киіш, заттарды аттап ету, бұрылу.</p> | <p>Сызықтардың ара қаш-ғы 40-50 см болғанда орнынан ұзындыққа секіру. Сызықтардың ара қаш-ғы 2-2,5 м болғанда заттарды аттап ету, бұрылу.</p> | <p>Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Құрылышты биіктетіп жасау, бір бөлшекті екінші бөлшекпен ауыстыру (бік және аласа), өзгерту іскерліктерін дамыту.</p> <p>Жаратылыстану ТАҚЫРЫБЫ: «МЕН ТАБИГАТТЫ БАҚЫЛАЙ АЛАМЫН БА?»</p> <p>Мақсаты: «Бақылау» ұғымын түсіндіру. Жанды табигат, оның тіршілік ортасы және жансыз табигаттағы қайталанбас құбылыс түрлері туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Жанды және жансыз табигатқа не жататын түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> | |
|---|---|--|--|

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|
| <p>II апта «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»</p> | <p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. Қатарға бір-бірден сапка тұру. Қолын жоғары көтеріп, аяктың ұшымен тұру. 50 см. жоғары көтерілген арқаның астынан оң және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. 20-25 см. биіктікке секіру 2. Қолын жоғары көтеріп, аяктың ұшымен тұру. 20-25 см. биіктікке секіру. Құрсаудан енбектеп өту. 3. Қолын жоғары көтеріп, аяктың ұшымен тұру. 50 см. жоғары көтерілген арқаның астынан оң және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. Гимнастикалық қабыргамен аралықтан аралыққа, онға-солға ауысу.</p> | <p>Сейлеуді дамыту Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі Мақсаты: Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды колдану. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде колдану дағыларын дамыту. Драма Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» ертегісі Мақсаты: Ертегі желісін драмалау дағыларын қалыптастыру.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Көкөністер мен жемістер» (Кеңістікті бағдарлау) Мақсаты: 3 санымен таныстыру. Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, деңсаулыққа пайдасын түсіндіру, баубақшага саяхатқа шығып, енбексүйгіштікке тәрбиелеу,</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: «Дәмді алмалар» Мақсаты: Дөнгелек пішіндерді түрлі көлемде салуга үретуді жалғастыру, енбексүйгіштікке тәрбиелеу, шығармашылық ойлау, киялдау кабілеттерін, ұсак қол қимылдарын дамыту. Аппликация Тақырыбы: «Жеміс-жидекке арналған себет» Мақсаты: Қайшына дұрыс ұстасу және пайдалана білуді қалыптастыру. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үрету. Желімді, сұлгіні колдануды үретуді жалғастыру.</p> | <p>Коршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Адам еңбегінің нәтижесі» Мақсаты: Ересектердің еңбегін ойнан әрекеттерінде көрсете отырып, ересектермен бірге енбек әрекеттерін орындауга баулу. Құрдастарына көмек беруге тәрбиелеу</p> |
|---|---|--|--|--|---|

| | | | | |
|--|---|--|---|---|
| <p>III апта</p> <p>"Өзіне және озгелерге көмектес"</p> | <p>Дене шынықтыру Негізгі қымылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, салты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Гимнастикалық қабыргамен аралықтан аралыққа, онға-солға ауысу. 2. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Құрсаудан енбектеп өту. Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-тендікті сақтап журу. 3. 20-25 см. биіктікке секіру. Оң және сол қолымен көлдененінен нысанана (2-2,5 м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. Бөрене үстімен тепе-тендікті сақтап журу. | <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қайырымды бала» Б.Данабеков Мақсаты: Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тындау біліктерін үйрету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі Мақсаты: ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету; құстарға қамкорлықпен қарауга тәрбиелеу.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Дым білмеске көмектес» Мақсаты: 4 санымен таныстыру. Заттар шамасы бойынша әртурлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзын-қысқа белгісі бойынша заттарды салыстыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: Үй құстарын атай білу (қораз, мекен, қаз) және олардың сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылау.</p> <p>Құстарға қамкорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Жеміс-жидекке арналған себет» (қағаздан құрастыру) Мақсаты: Дайын қыылған жолақшалардан өру тәсілімен себетті құрастыруға үйрету.</p> <p>Тиянақты, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Қағаздың бұрыштары мен жақтарын беттестіру, тендей етіп бүктеу іскерліктерін дамыту.</p> | <p>Сурет Тақырыбы: «Әдемі құс» Мақсаты: Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін салуды үйрету. Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауды үйрету. Құстарға қамкорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Мұсіндеу Тақырыбы: «Құс» Мақсаты: Тұтас беліктен шымшу тәсілі арқылы құстың бейнесін мұсіндеуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру.</p> |
|--|---|--|---|---|

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|--|
| <p>IVапта «Біз күштіміз, ептіміз»</p> | <p>Дене шыныктыру Негізгі қымылдар: 1. 50см.жоғары көтерілген арқаның астынан он және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындықка секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тәп-тәндікті сактап жүру. 2. 50см.жоғары көтерілген арқаның астынан он және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. Қапшыкты он және сол қолымен көлдененінен нысанага (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лактыру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындықка секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). 3. 50см.жоғары көтерілген арқаның астынан он және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 20-25см.білктікке секіру.</p> | <p>Сейлеуді дамыту Тақырыбы: «Кім күшті? ертегісі Мақсаты: Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде колдану дағдыларын дамыту. Драма Тақырыбы: «Кім күшті? ертегісі Мақсаты: Әдеби кейіпкерлерді дене пластикасы, ым, мимика, дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстауды қалыптастыру, ертегі желісін ретімен орындауға баулу.</p> | <p>Қарапайым математикалық үйімдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Спорт еліне саяхат» Мақсаты: 5 санымен таныстыру. 5 көлемінде санау, заттарды үлті бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын жапырақ төккен күз» Мақсаты: Күз мезгіліндегі табигат құбылыстарын (жапырактардың тұсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табигат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табигат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту.</p> | <p>Сурет Тақырыбы: «Құмырсақ» Мақсаты:Дөңгелек, сопакша пішіндер арқылы заттардың суретін салуды үрету. екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашилық қабілеттерін, ой-киялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қымыл қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы: «Құмырсақ» Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бұктеу арқылы сопак пішін киоға үрету. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үрету.</p> | <p>Экология негіздері Тақырыбы: «Қай ан күшті?» Мақсаты: Жабайы жануарларды ажыратуға үретуді жалғастыру. Жабайы жануарлардың күз мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқы дайындығы) көңейту.</p> |
|---|--|---|---|--|--|

Желтоқсан айы, 2018жыл
Отпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу.
 Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаган ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылықта тәрбиелеу.

| Такырыпша | Dенсаулық-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Драма-0,5 Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5 Карапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет-1 Мұсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаган орта-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|--------------------------------|---|---|--|---|--|
| I апта «Тарихқа саяхат» | Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен). Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанана (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. Бөрене үстімен тепе-тендікті сақтап жүру. 2.Қысқа секіртемен секіру(демалу үзілістері бар 2-Зреттен, 10рет секіру). Бөрене үстімен тепе-тендікті сақтап жүру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: М. Хакімжановың «Отан» өлеңі Мақсаты: Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруды ойындарды кеңінен қолдану. Отанды, туды құрметтеуге тәрбиелеу;тіл байлықтарын дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отан» өлеңі Е. Өттөліеуұлы Мақсаты: өлеңді эмоционалды қабылдай отырып, мәнерлеп айтуга, тындал, түсіне білуге үйрету. Өз еліне, тұған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Ұлken және кіші» Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі затты салыстыру. Шаманы салыстыруды беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдану. Құрастыру Тақырыбы: «Бәйтерек монументі (қағаздан құрастыру жұптық жұмыс) | Сурет Тақырыбы: «Киіз үйдің керегелері» Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тұра сызықтар мен олардың қылышын жүргізе білуді үйрету.Киіз үйдің керегелері туралы түсініктерін көнектізу, жуан,жіңішке таяқшаларды рет-ретімен салуды, қарындашты қолдануды үйретуді жалғастыру. Мұсіндеу Тақырыбы: «Байтерек монументі» Мақсаты: Улғи бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің мүсінін жасауға үйрету. | |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | <p>енбектеу.</p> <p>3. Бір аяқпен секіру(4-5рет, он және сол аяқпен). Он және сол колымен көлд ененін нысанана (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.</p> | <p>Кағаздарды дүрыс қолдана отырып құрастыруды үйрету;туған жеріне деген сүйіспеншілкке тәрбиелеу;қағаз белшектерін бір-біріне желімдеу, бұрыштарымен жақтарын бүктеу, беттестіру іскерліктерін дамыту.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Қай жерде өседі?»</p> <p>Мақсаты: Табигаттың жанды нысандары және ерекшеліктері туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын, алыс мекендердегі өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту.</p> | <p>Кескішпен түрлі безендірuler жасауга дағдыландыру.</p> |
|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|--|
| <p>П апта</p> <p>«Тұған өлкем»</p> | <p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қысқа секіртпемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру). 50см.жоғары көтерілген арқаның астынан он және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. Бөрене үстімен тәпе-тәндікті сактап жүру. 2. Еденинен 20-25см көтерілген баспалдак тақтайдан аттап өту. 20-25см.білктікке секіру. Құрсаудан енбектеп өту. 3. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-білкін арқылы кезекпен) аттап өту.50см.жоғары көтерілген арқаның астынан он және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. Гимнастикалық кабыргамен аралықтан аралыққа, онға-солға аудысу. | <p>Сойлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз тұратын қала» (сурет бойынша әңгіме құрау)</p> <p>Мақсаты: Сөз және сез үйқастарынан құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. Мнемотехника әдісі арқылы қаланың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра білуге үйрету.</p> <p>Драма Тақырыбы: «Атам мен әжемнің ауылына саяхат» Мақсаты: Ата мен әженің әңгімесін тыңдау мен адамдардың сезімі мен қарым – қатынасын көріп, қайталап көрсетуді қалыптастыру. Таныс ертеңі кейіпкерлердің рөлдерін адамгершілік нормалары мен түсініктері түрғысынан бағалау</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Астананың кереметтері» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажыратады және атайды.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Құсхананы мекендеушілер» Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту.</p> <p>Жанды нысанды сипатта білу дағдысын, зейіні мен есте сактау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.</p> | <p>Сурет Тақырыбы: «Достық үй» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді салуга, ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету. Балаларды әдемілікті сезіне білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу</p> <p>Аппликация Тақырыбы: «Сыр ана» монументі Мақсаты: Қайшина дұрыс ұстau және пайдалана білуді қалыптастыру.</p> <p>Шаршыны беттестіру тәсілімен ұшбұрышты киоды үйрету.</p> <p>Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сұлғіні қолдануды үйретуді жалғастыру</p> | <p>Коршаган ортамен танысу Тақырыбы: «Астана-бас қалам» Мақсаты: Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды колданып, карастыру арқылы қалыптастыру.</p> <p>Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.</p> <p>Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Еотаңба, Әнұран) білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауга тәрбиелеу.</p> |
|--|--|---|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| <p>III апта «Астана- Отанымыздың жүргі»</p> | <p>Дене шынықтыру Негізгі қымылдар: 1. Еденин 20-25см көтерілген баспалдан тақтайдан аттап ету. Гимнастикалық кабыргамен аралыктан аралыкка, онға-солға ауысу. 20-25см.білктікке секіру. 2. Колдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық койылған 5-бдол арқылы кезекпен) аттап ету. Құрсаудан еңбектеп ету. Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-тәндікті сақтап жүру. 3. Еденин 20-25см көтерілген баспалдан тақтайдан аттап ету. Оң және сол колымен көлдененінен нысанага (2-2,5м.қаш-н) дәлдең лактыру. 20-25см.білктікке секіру Бөрене үстімен тепе-тәндікті сақтап жүру.</p> | <p>Сейлеуді дамыту Тақырыбы: «Астана- арман қала» (сурет бойынша әңгімеледеу) Мақсаты: Сейлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды колдана білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам, Ел ордасы - Астанам» Мақсаты: Балалардың қала, ауыл және Астана туралы түсініктерін сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, тұған қаласын сүюге тәрбиелеу.</p> | <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Астанам-бас қалам» Мақсаты: Кеңістікте бағдарлау: өзінің дене беліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды он қолымен солдан онға қарай орналастыру, өзінің дене беліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар) Жаратылыстану Тақырыбы: «Астанадағы хайуанаттар бағы» Мақсаты: Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы білімдерін кеңейту. Құрастыру Тақырыбы: «Достық үйі» (Құрылым материалдарынан) Мақсаты: Конструктордан ойынга арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөлшектерді бекіту</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, пирамиданың суретін салуға үйрету. Бояу түсін таңдал, сурет салуға қызыгуышылығын арттыру Мүсіндеу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Пирамиданың мүсінін жасауға үйрету. Кескішпен түрлі безендірuler жасауға дағдыландыру</p> | |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | | | тәсілдері мен гимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру. | | |
| IVапта «Тәуелсіз Қазақстан (КР тұнғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер) | Дене шынықтыру 1. Гимнастикалық кабырга бойынша онга-солға ауысып өрмелуе. 4-5 сзық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара каш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-тендікті сактап журу. 2. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-бдол арқылы кезекпен) аттап өту. Қапшықты оң және сол колымен көлдененінен нысанага (4-5 сзық арқылы орнынан ұзындықка секіру 3. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-бдол арқылы кезекпен) аттап өту. Оң және сол колымен көлдененінен 2-2,5м қашықтықта дәлдеп лақтыру) | Сейлеуді дамыту Тақырыбы: «Тәуелсіз елдің көшбасшысы» Мақсаты: Сурет бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. Балаларға «тәуелсіз», «егемен» сөздерінің мағынасын кеңінен түсіндіре отырып, есте сактау қабілеттерін дамыту. Драма Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан» Сахналық қойылым Мақсаты: Сезім ырғагы мен козгалыс үйлесімін серіктесімен сәйкестендіре отырып сактауга, саҳнаны, аланды бағдарлай білуге үйрету. Ерсектер мен күрдастарымен өзара әрекет ете алу дағдыларын қалыптастыру. | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Қазақстанның байлықтары» Мақсаты: Әртурлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, ііс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қазақстандағы жануарлар» Мақсаты: Үй жануарлары және олардың төлдерін атайды. Сыртқы келбеті, козгалу және коректену тәсілдері туралы білімдерін кеңейту. | Сурет салу Тақырыбы: «Байтерек монументі» Мақсаты: Улғи бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің суретін салуга үйрету. Бояу түсін таңдал, сурет салуга қызыгуышылығын арттыру. Аппликация Тақырыбы: «Байтерек монументі» Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін қиоға үйрету. Ересектердің көмегімен беліктерді желімдеуге үйрету. | Экология негіздері Тақырыбы: «Қысқы ағаштар» Мақсаты: балабак ша ауласындағы кейбір ағаштардың, бүтәлардың түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Ағаштардың беліктерін тауып, аттай білу дағдыларын бекіту. |

Қантар айы, 2019 жыл
Отпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың қымыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшету, қымылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Карапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

| Такырыппа | Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Драма-0,5 Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5 Карапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет-1 Мұсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5 Коршаған орта- 0,25 Экология негіздері-0,25 |
|--------------------------------------|--|--|---|---|---|
| I апта "Айналамыздағы өсімдіктер" | Дене шынықтыру Негізгі қымылдар: 1.Сапта бір бірден,екеуден аяқтын ұшымен,табанмен, өкшемен журу. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бөрене үстімен еңбектеп өту. 2. Жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіріп бағытты, қарқынды өзгертіп журу. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру. Алға ұмтыла секіру.Бір орында тұрып онға солға бұрылымп секіру. 3.Табанның ішкі жағымен тізені | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шырша» өлеңі Е.Өтегілеуұлы Мақсаты: Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуын қалыптастыру. | Карапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: 5-ке дейін тұра және кері санауды жетілдіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атай білу дағдыларын бекіту. Гүлдің біліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Фетрдан шыршаны құрастыру | Сурет салу Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сактай отырып сурет салуға үйретуді жетілдіру. Мұсіндеу Тақырыбы: «Шырша жаңғақтары» Мақсаты: Бірнеше біліктерден заттарды мұсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияны сактай отырып, біліктерді біріктіру. | |

жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымда жүру. Аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін алға екіншісін артқа қойып бір орында тұрып секіру. Доптарды домалату.

дағдыларын қалыптастыру. Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалану.

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
